



Лазерлік нивелір



RGK

**LP-62
LP-64
LP-62G
LP-64G**

Мазмұны

Нивелир аспабы	5
Аспаптың техникалық сипаттамалары	6
Аспаптың мақсаты	7
Қоректендіру элементтерін орнату	7
Нивелирмен жұмыс істеу нұсқаулығы	8
Нивелир дәлдігін тексеру	9

Ескерту


RGK лазерлік жазықтық құрастырушысы лазерлік сәулелену көзін пайдаланады. Лазер сәулесін көзіңізге бағыттамаңыз, себебі ол жарақатқа алып келуі мүмкін. Техникалық қызмет көрсету және пайдалану ережелерін сақтаңыз, аспапты бөлшектемеңіз, жөндемеңіз және өз бетіңізше түрлендірмеңіз – себебі ондай әрекеттер аспаптың істен шығуына алып келуі мүмкін.

Назар аударыңыз:

Батареялар ағып, құрал-сайманға зақым келтіруі немесе тіпті жарылып, өрт тудыруы мүмкін. Бұл қауіпті азайту үшін батареялар туралы ақпаратты оқып, келесі ережелерді сақтаңыз:

- полярлықты сақтаңыз;
- барлық батареяларды бірден жаңасына ауыстырмаңыз;
- батарея бөлгінде тұйықталуға жол бермеңіз;
- қалыпты батареяларды қайта қуаттандырмаңыз;
- ескі және жаңа батареяларды бірге пайдаланбаңыз;
- әр түрлі батареяларды бірге пайдаланбаңыз;
- егер аспап ұзақ уақыт пайдаланылмаса, батареяларды ішінде қалдырмаңыз;
- батареяларды балалар мен жануарларға бермеңіз;
- батареяларды отқа тастамаңыз;
- батареяларды тұрмыстық қоқыстармен бірге тастамаңыз, оларды жергілікті заңға сәйкес қайта өңдеуге жіберіңіз.

Нивелир аспабы



Аспаптың техникалық сипаттамасы

	RGK LP-62	RGK LP-62G	RGK LP-64	RGK LP-64G
Лазердің түсі	қызыл	жасыл	қызыл	жасыл
Вертикаль сызықтар саны	2	2	4	4
Дәлдік	±1 мм/5 м			
Автоматты түрде тегістеу ауқымы	±4°			
Жұмыстық қашықтығы (радиус)	20 м	30 м	20 м	30 м
Толқын ұзындығы	635 нм	532 нм	635 нм	532 нм
Туралау жүйесі	маятниктік			
Лазер класы	2М			
Электр қорегі	AA*3 батарея түрі			
Жұмыс температурасының ауқымы	от -10° до +45°С			
Ылғалдан қорғау дәрежесі	IP54			
Аспаптың өлшемдері	Ø150x190 мм			
Аспаптың салмағы	1,1 кг			

Аспаптың мақсаты

RGK LP лазерлік нивелир - таңбалау жұмыстарына арналған заманауи құралы.

Ол горизонталь және вертикаль сызықтарды құруға, горизонтальді және вертикальді беттерді тексеруге, сонымен қатар биіктікті көшіру (тасмалдауға) және белгі салуға арналған.

Аспап автоматты түрде көкжиек бойынша тураланады, көлбеу сызықтар сала алады және сәуленің көрінуін жақсарту үшін қиылыста және вертикальды жазықтықтарда ашық нүкте-таңбаларын бейнелейді. Аспап лазерлік отеспен және тік сызықтардың орналасуын дәл баптауға арналған жетекпен жабдықталған.

Аспап келесі жұмыстарды орындау кезінде қолданылады:

- қабырғаларды, төбелерді, едендерді тегістеу;
- едендерді, іргетастарды құю, алаңдарды тегістеу;
- тақтайша төсеу және қаптау жұмыстары;
- аспалы төбелерді орнату;
- монтаждау жұмыстары;
- интерьер жұмыстары бойынша.

Қоректендіру элементтерін орнату

Батареяларды орнату:

- батарея бөлігінің қақпағын ашыңыз;
- полярлықты сақтай отырып, AA/аккумулятор типті 3 батареяны қойыңыз;
- Қақпакты орынына орнатып, сырт еткенше итеріңіз.


RGK аспаптары зауытта калибрленген және сатылымға дейінгі дайындық пен дәлдікті тексеруден өтеді. Алайда,

біз сізге мерзімдік тексеру жүргізіп тұруды кеңес береміз. Егер аспап құлаған немесе ұзақ уақыт пайдаланылмай сақталынған болса, әлде ұзақ қашықтыққа тасымалданып немесе сілкініске ұшырап, дірілдеген болса, төменде сипатталған әдіспен тексеруді ұсынамыз. Дәлдігі қанағаттандырмаған жағдайда құрылғыны өз бетіңізбен калибрлеуге тырыспаныз, сервистік орталықпен хабарласыңыз.

Нивелирмен жұмыс істеу нұсқаулығы

Аспапты дәл орналастырып, орнату бұрандаларын көмегімен деңгейді орталықтандырыңыз.

Аспапты қосу түймесін басыңыз, горизонтальды (көлденең) сызық пайда болады, аспап автоматты түрде теңдестіру (компенсация) жүргізеді.



Н пернесі горизонтальды сызықты қосуды/өшіруді басқарады.

V пернесі вертикальды (тік) сызықты қосу/өшіру үшін жауап береді, қайта басу екінші (LP-62 үшін), үшінші және төртінші (LP-64 үшін) вертикальдарды қосады. V түймесін басқан кезде лазерлік отвес қосылады. Көлбеу жазықтықтармен жұмыс істеу үшін аспап өшіріліп тұрған кезінде OUT түймешігін басыңыз және қосқышты (тумблерді) бұрыңыз.





Нивелир дәлдігін тексеру

Горизонтальды сызықтың дәлдігін тексеру.

Қабырғалардың арасы 5 метр болатын бөлме табыңыз. Аспапты штативке орнатып қабырғалардың ортасында орналастырыңыз. Горизонтальды сәулені қосып, қабырғаға бағыттаңыз, содан кейін А қабырғасындағы a_1 нүктесін белгілеңіз.

Аспапты 180° бұрыңыз, содан кейін В қабырғасындағы b_1 нүктесін белгілеңіз.

Аспапты штативімен бірге А қабырғасынан 60 см қашықтықта болатындай етіп жылжытып, a_2 және b_2 нүктелерін қайта белгілеңіз. a_1 мен a_2 және b_1 мен b_2 арасындағы қашықтықты өлшеңіз. Егер айырмашылық $(a_2 - a_1) - (b_2 - b_1) > 1,5$ мм болса, сервис орталығына хабарласыңыз.




Вертикальды сызықтың дәлдігі

Аспапты штативке қабырғадан бірнеше метр қашықтықта орнатыңыз.

Қабырғаға еденнен 3 м биіктікте А нүктесін белгілеңіз. Отвес көмегімен А нүктесінен еденде В нүктесін белгілеңіз.

Аспапты қосыңыз, вертикальды лазерлік сызығын В нүктесімен туралаңыз. Еденнен 3 м биіктікте лазерлік сызығында С нүктесін белгілеңіз.

А нүктесінен С нүктесіне дейінгі «е» қашықтығын өлшеңіз. Егер $e > 1$ мм болса, сервис орталығына хабарласыңыз.



EAC

www.rgk-tools.com